



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

07.06.2023 ж №3

### Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті төртінші сессиясы 2023 жылғы 21 маусымда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

**О.ЖӘМИЕВ,**  
Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.

### Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті төртінші сессиясы 2023 жылғы 21 маусым, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекенжайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 21 маусымда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 21 маусымда, сағат 10.00-де өткізіледі.

### Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1.2022 жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы туралы.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

3.Шу ауылдық округі әкімінің есебі.

4.Тасты ауылдық округі әкімінің есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**О.ЖӘМИЕВ,**  
Аудандық мәслихат төрағасы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумына қатысуға келгені үшін Хельга Шмидке алғыс айтып, аталған форум Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жаңа алаң екеніне назар аударды.

«Сіз бастап келген ЕҚЫҰ делегациясы осы форумда көптеген түйткілді мәселелердің оң шешілуіне елеулі үлес қосады деп санаймын. Өкінішке қарай, қазір әлемде ондай проблемалар бар. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту Қазақстан үшін басым бағыт саналады. Бізді ұйымның рөлі туралы пікірлер қайшылығы алаңдатады. 2010 жылы Астанада өткен саммиттен кейін



## Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмидпен кездесті

министрлер деңгейінде де, басқа форматта да бірде-бір ресми қжат қабылданған жоқ. Әрине, бұл – алаңдатарлық жайт. Біз ұйым аясындағы байланыстарды нығайту қажет екеніне бұрынғыдай кәміл сенеміз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан – ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі. Президент еліміздің ЕҚЫҰ-мен арадағы өзара тиімді серіктестік және ашықтық рухындағы тығыз қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға және осы ұйымның Бас хатшысы Хельга Шмидке жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді.

Хельга Шмид өз кезегінде Астана халықаралық форумына қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

«Дұрыс айтасыз. Қазір күрделі кезең деп ойлаймын. Қиындықтарға қарамастан, ЕҚЫҰ бірегей диалог алаңы ретінде қызметін жалғастыра береді. Сондай-ақ Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы белсенді рөлін оң бағалаймын. Сіз Астана саммиті туралы айтып өттіңіз. Мен ол жиынға қатыстым. Дұрыс айтасыз, бұл соңғы саммит болды. Астана декларациясы, шын

мәнінде, ұйымның қызметін реттейтін маңызды құжаттардың бірі. Мен Астана форумында сөйлейтін сөзіңізді асыға күтемін. Қазір мәмілеге келу үшін бір-біріміздің пікірімізге құлақ асу өте маңызды деп ойлаймын. ЕҚЫҰ-ның негізі міндеті де – осы», деді ЕҚЫҰ Бас хатшысы.

Кездесуде Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен оның даму перспективалары талқыланды. Сондай-ақ аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

## Әрбір отбасы қолдаусыз қалмайды

Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау іс-шараларын тиімді ұйымдастыру ұдайы назардан түспейді. Бұл бағыттағы жұмыстардың жай-жапсары жөнінде Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте хабарланды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрлері Ербол Оспанов пен Назгүл Сағындықова аталған тақырыпта журналистердің сұрағына жауап беріп, біраз мағлұматпен бөлісті.

– Мемлекет басшысы жақында қол қойған Әлеуметтік кодекс әрбір отбасының әл-ауқатын арттыруды және нығайтуды көздейді. Президенттің тапсырмасы бойынша 1 қаңтардан бастап Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) немесе барлық отбасының дербес деректер қоры іске қосылды. Оны енгізудің негізгі мақсаты – әрбір отбасының мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету. ОЦК Smart Data Ukimet ақпараттық-талдау жүйесінде жүзеге асырылып, мемлекеттік органдардың дерекқорларымен үйлестірілді. Smart Data Ukimet деректерді жинайды және



өңдейді, содан кейін отбасының әл-ауқатын 5 санат бойынша анықтайды. Бағалаудың негізгі критерийлері – жиынтық табыс, әлеуметтік өмір сүру жағдайы, денсаулық, жұмыспен қамту, білім беру мен әлеуметтік көмекке қажеттілік және т.б. Отбасының әл-ауқатын автоматты түрде анықтағаннан кейін ОЦК проактивті форматта азаматтарға тиесілі мемлекеттік қолдау іс-шараларын ұсынады. Бүгінгі таңда 20 мыңнан аса азаматқа мемлекеттік қолдау іс-шаралары тағайындалды, – деді Е.Ос-

панов. Оның айтуынша, ана мен баланы әлеуметтік қолдау көп деңгейлі әлеуметтік көмек және әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы жүзеге асады. Қазіргі уақытта балалы отбасыларға республикалық бюджет есебінен мемлекеттік жәрдемақының 5 түрі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдердің 2 түрі төленеді. Биыл жалпы сомасы 1,8 трлн теңгеге 3,5 млн отбасы үшін әлеуметтік төлемдер қарастырылған. Бұл – өткен жылмен салыс-

тырғанда 25%-ға көп. 2023 жылдың 4 айында әлеуметтік жәрдемақылар немесе төлемдер 2 млн 653 мың отбасына тағайындалды.

Сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің табысы белгіленген кедейлік шегінен төмен болған жағдайда мемлекет атаулы әлеуметтік көмек, ал 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға қосымша кепілдендірілген әлеуметтік топтама ұсынады. Биыл 1 қаңтардан бастап осы көмекті алушылардың өтініші бойынша әлеуметтік топтама әрбір балаға 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша ай сайынғы төлем түрінде заттай түрден ақшалай форматқа ауыстырылды (2023 жылы – 5 175 теңге). Бұл – Әлеуметтік кодексте көзделген балалары бар отбасыларға әлеуметтік қолдауды күшейту жөніндегі іс-шаралардың бірі. 1 мамырдағы жағдай бойынша АӘК-ті 500 мыңға жуық адам алып жатыр, төлемдердің орташа көлемі балаларға берілетін ақшалай төлемді қосқанда 15,4 мың теңгені құрады. Өткен жылы бір адамға АӘК-тің орташа айлық көлемі 6,5 мың теңгені құрады.

«Созақ үні»-ақпарат.



# Күн тәртібіндегі ESG және тұрақты даму Қазатомөнеркәсіптің назарында

2 маусымда Түркістанда «Қазақстандағы уран өндіру саласының тұрақты дамуы» тақырыбында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның жыл сайынғы таунхолы өтті. Іс-шараға ҚР Энергетика министрінің, «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазатомөнеркәсіптің, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының, қазақстандық ірі кәсіпорындар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Пікірталас алаңында қатысушылар атом холдингінің жұмысына тұрақты даму қағидаттарын енгізу мәселелерін, үздік тәжірибелер мен табысты кейстерді, ESG саласындағы халықаралық бастамалар мен жаһандық трендтерді талқылады. Күн тәртібінің өзекті аспектілері туралы ҚР Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов, «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Ернат Бердіғұлов, Қазатомөнеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов, Қазатомөнеркәсіптің HR және цифрландыру жөніндегі бас директоры Әлібек Алдоңғаров, БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық шартының өкілі Динара Сейджапарова және Ұлттық ESG-клуб төрағасы Айдар Қазыбаев өздерінің сараптамалық пікірлерімен бөлісті.

ESG саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді қолдана отырып, компания табиғатты қорғауға қомақты қаражат салады, сондай-ақ кәсіпорындар орналасқан жерлерде табиғи ортаны сақтау және қоршаған ортаға әсерді азайту үшін табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды. Өндірістік қауіпсіздік Қазатомөнеркәсіп үшін сөзсіз басымдық болып қала береді. 2022 жы-



лы атом холдингі еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға 8 млрд теңгеден астам қаржы жұмсап, табиғатты қорғау қызметі жөніндегі іс-шараларға 1 млрд теңгеден астам қаржы инвестициялаған.

Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлерінің денсаулығын, мүдделерін қорғау және уәждемесін қамтамасыз ету үшін барынша күш салады. Атом холдингіде еңбекақы төлеудің әділ жүйесі жұмыс істейді, әрбір қызметкерге тең мәнсаптық мүмкіндіктер беріледі. Компания елді мекендерді абаттандыру, заманауи балалар ойын және спорт алаңдарын салу, халықтың әлеуметтік осал топтарына қаржылық көмек көрсету сияқты әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыра отырып, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін өзі қатысатын өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін барынша артыруға ұмтылады. 2022 жылы холдинг кәсіпорындары қатысатын өңірлерді дамытуға 2,5

млрд теңгеден астам қаржы бөлді. Бұдан басқа, Қазатомөнеркәсіп Түркістан, Қызылорда, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында жалпы сомасы 900 млн теңгеден астам әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын қаржыландыраған.

«Біздің компаниямыздың басты капиталы – оның қызметкерлері. Біз кәсіпқойлардың біртұтас ұжымын сақтауға және олар үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасауға мүдделіміз. Қазатомөнеркәсіп тамақтанудың, вахтада тұрудың, арнайы киімнің бірыңғай стандарттарын әзірледі, ерікті медициналық сақтандыру пакетін біріздендіру жүргізді, бұл өндірістік кәсіпорындардың барлық қызметкерлеріне атқаратын лауазымының деңгейіне қарамастан тең мүмкіндіктер береді. Қызметкерлер мен жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына барлық аспектілерінің деңгейін арттыру әрқашан назарымызда болады», – деп атап өтті Қазатомөнеркәсіптің HR және цифрландыру жөніндегі бас директоры Әлібек Алдоңғаров.

Іс-шара аясында «Қазатомөнеркәсіптегі тұрақты даму» өнертабыстық қызметі мен фотобайқауының нәтижелері бойынша конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болды. Таунхолл соңында арнайы тақырыптық панельдік сессиялар мен оқу семинарлары-тренингтер өтті, онда шақырылған спикерлер қатысушыларды ESG қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша өз тәжірибелерімен, білімдерімен және сараптамаларымен таныстырды.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.



## САБЫРБЕК ОЛЖАБАЙМЕН ӨТКЕН КЕШ

«Мыңжылқы» мәдениет үйінде ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, қарымды қаламгер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Алтын қауырсын» сыйлығының иегері, ауданның Құрметті азаматы Сабырбек Олжабаймен кездесу кеш өтті.

Кеш кейіпкерінің шығармаларына арналған бейнебаянмен бастау алған шараға аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов арнайы қатысып, бойындағы бірнеше дарынымен танылып келген, ұзақ жылдар бойы ұшқыр қаламымен талай дүниелерді қамтып, проза жанры мен журналистика саласында із қалдырып, қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосып жүрген жерлесіміз Сабырбек Дәніқұлұлына ақ тілегін жеткізіп, аудан әкімінің құттықтау хаты мен сый-сияпатын табыс етті.

Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Пардабек Сақтапбергәнұлы ұйымдастырылған шараның маңыздылығына айрықша тоқталып, кештің басты кейіпкеріне ыстық ықыласын білдірді. Аудандық ардагерлер кеңесінің атынан Алғыс хат пен сый-сияпатын табыстады.

Тағылымды шараға еліміздің өзге өңірінен арнайы келген композитор Құрасбек Байтоқаев, академик, тарих ғылымдарының докторы Таған Әліпбаев, ақын-жазушы Нұрғали Ибраһим және ауданның Құрметті азаматы, еңбек ардагері Арынбеков Бүркіт кеш кейіпкерінің әдебиет әлемінде халықтың қадір-қасиеті арқылы кестеленген шығармалары жайында әңгіме өрбітіп, алдағы күндеріне шығармашылық табыстар тіледі.

Шара соңында Сабырбек Олжабай түлеп ұшқан ұясы, алтын бесігі Созақ жеріне деген сағынышын жеткізіп, кешке жиналған қонақтарға алғысын жеткізді. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары кейіпкердің сөзіне жазылған әндерді орындап, келген қонақтар фойеде қаламгер жерлесіміздің шығармашылығына арналып қойылған көрмені тамашалады.

Сабырбек Олжабай сол күні түске дейін туған жері Қымкентте жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Жуырда Астана қаласында Халықаралық Президент газетінің ұйымдастыруымен «Көктем шуағы» конференциясы өтті.

Аталған алқалы жиында ауданымыздан «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің алты белсенді мүшесі Астана төрінде марапатталды. Олар: ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып жүрген, қоғам белсенділері, іскер әйелдер; Төлеуова Нұржамал Құлжабайқызы, Дүйсенбекова Күләйім, Отыншиева Рабиға, Әсембаева Ұлдана, Қалманбаева Амина, Қырқымбаева Қызжан.

Айтулы жиналысқа халықаралық 20 елдің дипломаты мен елшілері қатысты. Халықаралық дипломатиялық корпусының Қазақстандағы Төрағасы - Дуайен Доктор Монтассер Абу Зейд мырза сөз бастап, Халықаралық Президент газетінің әлемдік деңгейде атқарып жатқан жұмыстары туралы оң бағасын берді және Халықаралық сертификатпен газеттің Бас редакторы Эльмира Усенқызы Сегізбаеваны марапаттады. Газеттің редакция алқасының Төрағасы, Қазақстанның еңбек ері, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлы Дуайен - Дипломатқа алғысы

## Конференцияға қатысып қайтты



билдіріп, халықаралық қатынастардағы қызметі үшін «Алтын Қыран» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар Алжир Демократиялық Республикасының Қазақстандағы Елшісі Камал Фениш мырза сөз сөйлеп, Алжирдің туризм және экономикалық бағытын таныстырды. Ал Мысыр Араб Республикасының Елшісі Манал Ехией Әл Шиннавийға Египет елінің Президентіне арналған газет ресми түрде табысталып, Құрмет белгісімен марапатталды.

Бұл жиналысқа Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев, мелекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы қатысты. Қорғаныс саласының генералдары мен Ұлттық қауіпсіздік саласы мен Шекара қызметі саласынан генералдар мен полковниктер қатысты. ҚР Парламент Сенаты мен Мәжілісінен 15 депутат қатысқан жиналыста депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлы, Кузиев Закиржан Пирмухамедұлы, Сарыбеков Ғалиасқар Төлентұлы, Тұрлыханов Даулет Бо-

латұлы мен Саурықов Ерболат Байұзақұлы қатысты.

Халықаралық қайырымдылық ісімен көпке үлгі болып, Туркиядағы зіл заладан жапа шеккендерді кийіз үймен қамтамасыз еткен Қазақстан Ұлттық арнасының журналисті Нұрбек Бекбау белсенділігі үшін Халық қаһарманы Ертаев Бақытжан Ертайұлының қолынан «Алтын Қыран» медалімен марапатталды.

«Көктем шуағы» конференциясын ұйымдастыруға демеушілік жасаған Сапаров Алтын-

бек Сейпілұлына алғыс білдіріліп, республика бойынша өңірлерден келген ақ жайлықты аналар мен батыр қыздар, егіншілер мен ерекше жаратылған жандар, дәрігерлер мен ұстаздар, ғылым қызметкерлері мен іскер әйелдер, әскери қызметтегі әйелдер мен кәсіпкер әйелдер, құрылысшы әйелдер «Ай сырға» құрмет белгісімен марапатталды. Бұл марапат ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауындағы Еңбек адамдарының ісін бағалап, оларға құрмет көрсету керек деген тапсырмасына сай марапаттар еңбекте ерлік танытып жүрген әйелдерге алғыс ретінде ұйымдастырылды.

Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық аспаптар мен күй тартылып, қазақ ұлттық кийімі насихатталынды. Мысыр елінің ұлттық көрмесі өткізілді.

Астана төрінде «Ай сырға» төсбелгесін омырауларына тағып, арнайы дипломмен марапатталған белсенді қыздарымыздың абыройлары биік болсын.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**  
«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы.



# Діннің діндегені бүлік емес-бірлік

Ислам діні ақиқат пен парасаттылық, адамгершілік пен кішіпейілділік секілді кісілік қасиеттерге үгіттейтін дін. Сол қасиеттерді жүзеге асыратын, пенделерді өркениетке бастайтын ұлы ұғым. Ал сол дүниелерді жүзеге асырып қолға алатын ұлттың болашағы солжастар. Олардың мүдделері ел игілігі, сол үшін де олар әрқашан бірге болуы, бірге қол ұстаса, иық тіресе қызмет етулері тиіс. Кез келген мемлекеттің гүлденуі, өркендеуі, ішкі тұрақтылығы мен ауызбіршілігіне байланысты. Қоғам ауызбіршілік, ынтымақтың арқасында кез келген қиыншылықтарды жеңеді. «Байлық байлық емес, бірлік байлық», -демекші қазақ халқының басына түскен талай қысылтаяң кездерде осы бірліктің арқасында шешімін тауып отырған. Ал жастар болса қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастардың дінде деген көзқарасы, түсінігі тәрбиеден бастау алады. Қазірде ислам атын жамылғы алатын ұлттың болашағы солжастар. Олардың мүдделері ел игілігі, сол үшін де олар әрқашан бірге болуы, бірге қол ұстаса, иық тіресе қызмет етулері тиіс. Кез келген мемлекеттің гүлденуі, өркендеуі, ішкі тұрақтылығы мен ауызбіршілігіне байланысты. Қоғам ауызбіршілік, ынтымақтың арқасында кез келген қиыншылықтарды жеңеді. «Байлық байлық емес, бірлік байлық», -демекші қазақ халқының басына түскен талай қысылтаяң кездерде осы бірліктің арқасында шешімін тауып отырған. Ал жастар болса қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастардың дінде деген көзқарасы, түсінігі тәрбиеден бастау алады. Қазірде ислам атын жамылғы алатын ұлттың болашағы солжастар. Олардың мүдделері ел игілігі, сол үшін де олар әрқашан бірге болуы, бірге қол ұстаса, иық тіресе қызмет етулері тиіс. Кез келген мемлекеттің гүлденуі, өркендеуі, ішкі тұрақтылығы мен ауызбіршілігіне байланысты. Қоғам ауызбіршілік, ынтымақтың арқасында кез келген қиыншылықтарды жеңеді. «Байлық байлық емес, бірлік байлық», -демекші қазақ халқының басына түскен талай қысылтаяң кездерде осы бірліктің арқасында шешімін тауып отырған. Ал жастар болса қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастардың дінде деген көзқарасы, түсінігі тәрбиеден бастау алады.

Қоғам ішінде бүлікшілік пен алауыздықты тоқтату әрбір мұсылманның міндеті. Құран аяттары мен Пайғамбар (с.а.с.) хадистері біздерге осыны бұйырады. Қоғамның бірлігі мен ынтымағы үшін жеке мүддеден бас тарта білу иманның кемелдігіне жатады. Әлемдік діндердің ешбірі қоғам тыныштығын бұзбауға рұқсат бермейді. Сол секілді ислам дінінің де ең басты ерекшелігі қоғамды басқарушы әміршіге әрбір мұсылманның бағынуын, тыңдауын талап ететіндігінде. Осыған қатысты Құранда («Ниса» сүресі, 59-аят): «Ей, иман келтіргендер! Аллаға, пайғамбарға және өз араларыңдағы әмір иелеріне бойысыңдар». Пайғамбар (с.а.с.) тағы бір хадисінде: «Кім маған бағынса, Аллаға бойысың болар. Кім маған қарсы шықса, Аллаға қарсы шыққан болады. Кім әміршіге бағынса, маған бағынған. Кім әміршіге қарсы келсе, маған қарсы келгені», - деген. Ал қоғамның тыныштығын бұзатын бүлік пен іріткі салушылыққа Алла тағала қатаң түрде тыйым салады. Қасиетті Құранда («Бақара» сүресі, 191-аят) бұл мәселе жайында мынадай аят келтірілген: «Бүлік шығару адам өлтіруден де ауыр (күнә)». Ислам қоғамдағы тыныштық пен ынтымақты сақтау үшін мына негізгі қағидаларды талап етеді: «Өзгенің құқығына қол сұқпау, әділ қарым-қатынас жасау, көркем мінезділік, сенім еркіндігі, мейірімділік пен кешірімділік».

Дін мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, отанды сүю, бейбітшілік пен тыныштық басты мұратымыз, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін кереғар діни ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуден шаршамайық. Негізгі әрбіріміздің білуіміз керек нәрсе, ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі ислам бізден үй ішінен үй тігуді немесе түрлі ағымға бөлініп, кейбір діни-саяси топтың қолшоқпары болып, бүлік шығаруды емес, керісінше қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті ұстануды бұйырады. Ислам адам баласын бейбітшілік пен бірлікке тәрбиелейді. Сол себепті бізге берілген осындай ұлан-байтақ даладың еркіндігімен тыныштығын бірге сақтайық.

**Е.ЕШТАЙ,**

**«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.**

Отанның отбасынан басталатынын ескерген дана халқымыз отбасы тәрбиесіне көп көңіл бөліп, ұлы өссе-ұяттымен, қызы өссе-қылықтымен көрші болған. Әсіресе, қызды тәрбиелеу- ұлтты тәрбиелеу екенін ұғынып, оны «қырық үйден» тыя білген. Содан келіп, қазақ қызы ибалы, инабатты, иманды болған.

Бала тәрбиесіне әке де, ана да бірдей жауапты. Бұл тұрғыда адамзаттың абзаль Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) өзінің бір хадисінде: «Ер кісі отбасының бақташысы. Сондықтан да ол қол астындағыларға жауапты», -

жамандықтан қайырып, жақсылыққа баулу, оған ілім-білім үйрету-ата-ананың басты міндеті. Жас шыбықты қалай баптасаң, солай өсетіні секілді, баланы теріс әдеттен аулақ қылып, қатесін уақытылы түзеп отырсаң, әдепті болып өсері анық. Ізгі ұрпақ тәрбиеленгені үшін ата-анаға осы дүниеде де, ақыретте де үлкен құрмет, шексіз қошемет бар.

Жалпы, баланың тәрбиесіне әсер ететін төрт фактор бар: отбасы, сыртқы орта (көше), мектеп, қоғам және жалпы қоғамдық мәдениет. Демек, отбасында берілген тәрбие балаға аздық

мыры ашы, бірақ жемісі тәтті», - деп айтқанындай тәрбие беру оңай шаруа емес. Әке-шешеге асқан сабырлықты әрі зор мейірімді қажет етеді. Бала мектеп жасына дейін қылығымен сүйкімді. Мектепке барған күннен әке-шешенің сабыры сарқыла бастайды. Осы кезде баланың бес алуы үшін кейбір адам баланы «тәрбиелей» бастайды. Бала әке-шешесін танымай қалады. Кеше айналып таныған әке, бүгін төбесінен төнген ұлын қашыруда. Баланың жүрегін жаралап алынған бестің қаншалықты құны бар. Сол қаншалықты пайда-

## Тәрбие тал бесіктен басталады

дей келе, хадистің жалғасында: «Әйел - өз күйеуі мен үйінің және балаларының бақташысы, сондай-ақ, сол үшін жауапты», - дейді. Ислам осылайша отбасындағы ер мен әйелдің рөлін анықтап берді. Ер мен әйел бір-бірі үшін де, балалары үшін де жауапты болып табылады. Дәй тұрғанмен, бүгінгідей әлеуметтік жағдай маңызды болып тұрған тұста, кей жағдайларда әкенің тарапынан балаға қажетті деңгейде көңіл бөлінбей жатады. Себебі, жұмыс-бастылықты желеу ететіндер отбасы тәрбиесіне келгенде, көп нәрсені әйелге «ысырып» қоя салады. «Әке көрген-оқ жонар, ана көрген-тон пішер», - деген аталы сөз ұлға - әкенің, қызға - ананың берер тәрбиесінің маңызды екендігін ұғындыратындай.

Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастар болған оттан (тозақ отынан) құтқарыңдар». («Тахрим» сүресі, 6-аят).

Осы аяттағы «құтқарудың» мағынасын Әли ибн ӘбуТәліп (р.а.): «Оларға ғылым-білім үйретіп, әдепкебаулыңдар», - деп түсіндірген. Ал Хасан Басри: «Аллаға мойынсынуға бұйырып, ізгілікті үйретіндер», - деген. Яғни, баланы

етеді. Ол үшін ата-анамен бірге білім алатын мектебі яки сыныбы, көрші-қолаң, ағайын-туыс, қала берді жалпы қоғам жауапты болмақ. Кейде жөнсіз кеткендерді көрсек, «заман өзгерді» деп, өзімізді «ақтап» алып, өзімізге жауапкершілікті жүктеуден қашақтаймыз. Бірақ, Жаратушы Алла Тағала мұсылмандарды ізгі істе әрдайым күш біріктіріп, ауыз біршілікпен әрекет етуге, қандай түйткілдің болсын шешімін бірге іздеуге үндейді. Одан келіп шығар түйін: бала тәрбиесі-адамзат баласының ортақ ісі.

Ислам діні қыз баласының тәрбиесіне ерекше мән беріп, оның Қияметтегі маңыздылығын алға тартады. Оған Әнас ибн Мәліктен (р.а.) жеткен мына бір хадис дәлел іспеттес. Алланың елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім екі қыз тәрбиелеп өсірсе, қиямет күні мені мен ол мынадай боламыз», - деп екі саусағын қосқан. Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деген: «Кімнің қыз баласы болып, оған жақсы тәрбие берсе, жетерліктей ішіп-жегізсе, Алла тағаланың берген нығметінен молынан берсе, ол қыз оған береке кіргізеді әрі тозақтан құтқарып, жәннатқа кіруіне себепкер болады».

Аристотельдің: «Тәрбиенің та-

лы болмақ. «Жұмсақтық қай жерден табылса, соның сәнін келтіреді», - деген мағынадағы хадис қандай керемет! Тәрбиеде ең маңызды екі тәсіл: жұмсақтық пен мейірімділік. Қатаңдық «жемесін» тез бергенімен, тұрақсыз келеді. Ал жұмсақ әдіспен тәрбиелеу ұзақ күтімді қажет етеді. Алайда, оның жемісі мол.

Сөзімізді қорытындылай келе баланы жастан емес, бесіктен, тіпті, ана құрсағынан бастап тәрбиелеуді атам қазақ ерте ұғынған. Әдетте, адам барлық нәрсені өмірге келген соң үйренеді, көреді, біледі, көңіліне түйеді. Алайда, сәбидің ана құрсағындағы тәрбиесі аса маңызды орын алмақ. Өйткені, бала ана құрсағында болғанда анасы не нәрсені көбірек үйренсе, көбірек білсе, кейін бала да сол нәрсені тез игереді екен. Яғни, «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кететінінің» дәлелі. Ендеше ұрпақ тәрбиесін уысымыздан шығарып алмай, ұл-қызымыздың бойына ұлағатты сіңіріп өсіруді ұмытпайық.

**Д.АМАНОВ,**  
**Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.**

## Отбасы-тұлға қалыптастырушы бесік

Кейбір ата-аналар өз перзенттерін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді немесе отбасындағы өнегелі тәрбие мөлшеріне немқұрайлықпен қарайды. Ал мұндай көріністер баланың бойында кері қасиет пайда болуына тікелей себеп болады. Бұндай қолайсыз жағдайларға тап болуына баланың өз ата-анасы кінәлі емес деп қалай айта аласың. Бірақ осындай ата-аналар өз кемшілігін сезініп, өздері мойындай да бермейді. Бұл тәрізді жағдайлар аз болса да өмірде кездесіп тұратын шындық.

«Адам бақыты-бала», - деген ғұлама ойшылдарының пікірін біздің қазақ былай тұжырымдайды: «Адам бақыты-бала, егер ол саналы болса». Сондықтан қазақ құдайдан бала срағанда:

«О, құдай, бала-бер,  
Бала берсең-сана бер!  
Санасыз болса,  
Қайта өзің ала бер», - дегенінен сан ғасыр бойы өз ұрпағын «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат тәрбиелеп келген.

Имандылық-бала тәрбиесінің ең басты қайнар бұлағы. Сондықтан тәрбиені діннен бөлек алып қарауға әсте болмайды. Қаншалықты жақсы тәрбие көрсе де, дініне енжар, селқос қарайтын, имандылық негіздеріне аса мән бермейтін ұрпақ екі дүниеде де мұратқа толық жете алмайды. Қазіргі жаһандану заманында

қоғамымыздағы кейбір жастардың мұсылманға жат қылықтарға бой алдыру, батыстық мәдениетке еліктеп ақырында болашағын үміт күттірген өскелең ұрпақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық, рухани құндылықтарға қарсы келуінің басты себебі де, сөз жоқ, нақ осы имандылық тәрбиенің әлсіздігінен немесе жоқтығынан.

«Ұлдың ұяты-әкеге, қыздың ұяты-шешеге», - деп қараған халқымызда ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың міндеті болып саналған.

Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі- ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Ата-ана, ұстаз, қоғам - үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Тұғыры берік елдің отбасы да берік болады, отбасы қазығы нық қағылса, шаңырағы берік тәрбиеленер ұрпағы да өнегелі болмақ дегім келеді.

Жоғарыда әңгіме арқауы болған тұжырымдарды жинақтаумен

келесідей қорытындылар жасауға болады. Отбасы ықпалы басқа тәрбиелік әсерлердің бәрінен де күштірек. Жас ұлғаумен ол әсер бәсеңдеуі мүмкін де, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі-әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде отбасында атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», - деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр.

Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату-біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнегесімен сабақтастырып, ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын.

**А.СЕЙДУЭЛІ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**



# БАСТЫ МІНДЕТ- ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЖАСАУ



Жолаушы тасып, елге қызмет көрсетуде аянбай еңбек етіп жүрген Күзенбай Кәрім Қанайбекұлы туралы жолаушылар үнемі жақсы пікір айтады. Шолаққорған-Құмкент бағытында қатынап жүргеніне жиырма жылдан асты. Елге қызмет етуді басты мақсат етіп алған Кәрім жолаушылардың үнемі көңілінен шығып жүр. Күнделікті өмірде ауыл тұрғындары түрлі шаруамен аудан орталығына келеді. Мақтаулы жүргізуші оларға мінсіз қызмет көрсетеді. Таңертеңгісін ерте Құмкенттен шығып, жолаушылардың диттеген уақытысында Шолаққорғанға жеткізеді. Ол жолаушылардың жұмысы біткенше күтіп тұрып, ауылға алып қайтады. Кейде жолаушы азық-түлік алатын болса, дүкенге дейін барып алған тауарларын артып алуына да көмектеседі.

Бұл таксистік қызметінен бұрын Жаңатас қаласында өндірісте жұмыс жасаған. Кейін қара шаңыраққа келіп, әке-шешесін бағып-қаққан. Ауылды бір жарым жылдай ауыл әкімінің іс жүргізушісі болған. Әкесі Күзенбай Қанайбек көп жылдар Қ.Сәтбаев атындағы мектепте мұғалімдік қызмет еткен. Талай шәкіртті тәрбиелеп, қанаттандырып ұшырған. Ол кісі мектепте қырық жыл мұғалім болған. Ол кісілер о дүниелік болғанша перзенттік парызын өтеп, қызметін жасаған. Әкесі бастауыш сынып мұғалімі болатын. Ұлы Отан соғысының ардагері. Шешесі артелде тігінші болып, елге қызмет көрсеткен. Өзі көп балалы отбасында өскен. Жанұядағы ең кенже бала. Сондықтан қара шаңырақта қалған. Отбасында бір ұл бес қызы бар. Барлығына жоғары білім алуына жұмыс жасаған. Біреуі мектеп жасында қалғандары студент. Бір бала үш қызы аталарының жолын қуып, мұғалімдікті қалаған. Өмірлік жары мектепте мұғалім. Еңбек пәнінен сабақ береді. Таразда институт бітірген. Үлкен ұлы 1993 жылғы. Жасұлан Алматы қаласында мұғалімдік қызметте. Үйлі-жайлы. Сол қалада пәтері бар. Қалған қыздары ағаларының қолында. Тұрмысқа шыққан қызы да мұғалім.

Үй іргелік жеріне майда бақша өнімдерін егеді. Жо-

лаушы тасымалдаушы жұмысынан қолы қалт етсе, бақша жұмыстарымен айналысады. Тек таксисттік қызметпен ғана жүрмейді. Үйде мал бордақылайды. Оның жем-шөбін өз күшімен әзірлейді. Жүргізушілікпен қатар диханшылықты да қатар алып жүр. Үй шаруасын өзі атқарады. Және де ұл-қыздарын еңбекке тәрбиелеп келеді.

Малдарды бордақылап, оның етін ауылдастарына және аудан орталығына алып келіп сатады. Қыс мезгілінде Құмкентке бір мәрте барып келсе, қазір екі мәрте қатынайды. Өйткені жаз мезгілінде жолаушылар көп жүреді.

Жолаушылардың әртүрлі шаруалары болады. Тығыз керек болса, ұялы телефонына хабарласып, баратын бағыттарын айтып жатады. Кейде той-томалаққа тапсырыс беріп, апарып-алып қайтатын сәттері де болады.

Шымкентке арнайы тапсырыс болса сол бағытта да жолаушы алып кете береді. Десе де Шымкентке қатынайтын таксилер бар. Олардың жұмысына араласып, жолаушыны алып кету Кәрімде болған емес. Олардың да бала-шағасының нәпақасы үшін жұмыс жасайтынын түсінеді. Біз Кәріммен әңгімелесіп тұрғанымызда Қызылкөл ауылының тұрғыны Сағынтай Қалхонов келіп: - Кәрім ауылға қарай жүресің ба? - деді. - Аға заттарыңыз болса, жүк салғышқа сала берейік, - деді Кәрім. Осындай сыпайы қызметті барлық жолаушыға көрсетті. Сағынтай аға айтады: - Кәрім өте сыпайы таксист. Әркезде жолаушылар үшін мінсіз қызмет көрсетеді. Осыдан үйге дейін алып барады. Таңертеңгісін үйден алып кеткен еді. Шаруаларымызды бітіріп, осы Кәріммен ауылға қайтып барамын. Кәрім кез-келген жолаушының көңіл кілтін табады. Барлығын диттеген жеріне жеткізеді. Бір күн кешіккен сәтін көрген емеспін, - деді.

Жиырма жылдан астам уақыттан бері жолаушыларға мінсіз қызмет көрсетіп алғыстарын алып жүрген Кәрімге әр кезде жолың болсын халықтың рахметін ала бер деген тілек арнадық.

**Сайлаубектің  
Сәрсенбегі.**

Күнделікті таңертеңгісін таңғы таза ауада серуендеуді дағдыға айналдырғам. Осындай серуен кезінде шолаққорғандық қария, еңбек ардагері Сатыбалды Дүйсенбековтің үйінің тұсынан өтіп бара жатып жолығып қалдым. Сексеннің сеңгіріндегі еңбек адамы жасының ұлғайғанына қарамастан ширақ, әбжіл болып көрінеді. Оның сырын әңгімелесе келе жатып. Күнделікті таңмен таласа тұрып, үй іргелік жеріне түрлі бақша өнімдерін егумен айналысады екен.

-Еңбектен ләззат аламын, - дейді қария әңгімесін сабақтап: -Ерте көктемнен қолымнан күрек пен кетпенді, тырманы тастамаймын. Жұмыс істемесем ауырып қаламын. Сондықтан күнделікті бақша-бауымды күтіп-баптау-менің бірінші кезектегі шаруам. Міне өзің көріп тұрғандай қызынақта-



тепте оқып, білім алдым. Кентауда бір жылдай болдық та Киров ауданына көштік. Омарбек көкем Ащысайда паспорт стол болып қызмет істеді. Көкем қызметкерлер арасында өте сыйлы болатын.

Бір мың тоғыз жүз алпысыншы жылдары Созаққа көшіп келдік. Көп жылдарды сонда өткіздік. Сол жиырмадағы кезім. Әскери комиссармен көкем келісіп, мені әскерден алып қалды. Кейін әлгі кісіден әскери билет алдым. Әке-шешеме қарау үшін мені әскерден алып қалды. Хантағыда 3 кластық қана білім алдым. Өйткені менің кемпір-шалға қарауым керек болды.

Шолаққорғанда жоғары кернеулі электр желісі жүйесінде істедім.

Медеу Қонақбаевтың қарамағында еңбек еттім. Ол мекемеде автокөлік жүргіздім. Сегіз жыл шопыр бол-

## Шаруаның шырайын келтірген қария

рым гүлдей бастады. Өне бір жерге қияр, пияз, қызылша ектім. Одан бермен қарай болгар бұрышын, қауын-қарбыз, әңгелек отырғыздым. Жыл сайын үй іргелік жерден қырыққабат пен картоп, сәбізді жинап аламын. Су мол. Терең құдығым бар. Суы таусылмайды. Ұлым Қайрат пен келінім де көмектеседі. Таңғы таза ауада ерте тұрып, арам шөптерді жұламын. Бақшамда жеміс талдардың неше түрі бар: алма, өрік, шабдалы, қара өрік, сары өрік, жылас, шие, қарақат, бүлдірген, құлпынай самсып салып тұр. Піскен кезде немерелерім қарық болып қалады. Келінім тосап қайнатады. Қыстық азықты өзіміз дайындап аламыз.



Мектеп бітіргеннен кейін жас күнімде әке-шешеме қолқанат болдым. Әуелгіде жұмысқа тұрғаным жоқ. Үйдің шаруасымен айналыстым. Отын ретінде жусан шаптым, қолдағы бес-он тұяққа шөп дайындадым. Қысқасы ата-анама көмекші болдым. Бозбала күндерім Қантағының арғы жағында он екі шақырым жерде өтті. Кезінде онда шахта болған. Мұнда жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Ол кезде азық-түлік деген арзан болды. Дүкенде сары май, ет, шұжық, бұқтырылған си-

ыр еті толып тұратын. Оны жұмысшылар қалағанынша алатын. Сол шахтада кейін бес ай істедім. Қорғасын өндіретін. Жұмыс өте ауыр болатын. Бір жарым, екі шақырымдай жерді тесіп қорғасын өндіреді. Жұмысшылар неше түрлі ұлт өкілдерінен құралған. Олар қолы босай қалса футбол, баскетбол, шахмат, шашкі ойнайтын. Үй салынып, ол жерлер лезде-ақ қалаға айналды. Тікелей Мәскеумен байланыс орнатылған. Уақытылы есеп беріп отыратын.

Торлан экспедициясы жұмыс істейтін. Жалақы да жоғары болатын. Әкем Тұрғанбаев Дүйсенбек сонда жұмыс істейтін. Шешем Асылбекқызы Рысқұл. Ом-

дым. Одан кейін орман шаруашылығы мекемесіне ауыстым. Ол жерде қойма меңгерушісі болдым. Мұнай айдау стансасына ауыстым. Сол жерде он жылдай бағбандықты атқардым. Мекеменің төңірегіндегі талдарды көгерттім. Әуелі көшеттер отырғыздық. Кейін ол өсіп орманға айналды. Қазір жасым сексен бесте. Аудан құрылғаннан кейін он жылдан соң дүниеге келдім ғой, есептесем. Қарапайым жұмысшы ретінде ауданға үлесімді қостым деп есептеймін.

Алты ұл, алты қызды дүниеге келтірдік. Ең үлкені Күлайым кәсіппен айналысады. Мінайым деген қызым қайтыс болған. Одан кейін Нұргүлім бар. Барлығы он екі перзент. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Қазіргі кемпірімің есімі Ұлдархан. Одан Қайрат деген ұлым бар. Қайраттың екі ұл, екі қызы өсіп келеді. Алды тоғызыншы, жетінші сыныпта оқиды. Келінім медбике. Басым ауырып, балтырым сыздаса өзі қарайды.

Үй-іргелік жерімді тиімді пайдаланып келемін. Жылдағы дәстүр бойынша қияр, қызанақ, асқабақ, қауын, дарбыз ектім. Қызанақтарым гүлдеп тұр. Бақшама неше түрлі жеміс ағаштарын ектім. Қазір жайқалып жеміс салып жатыр. Терең құдық қаздырып алғанмын. Суы қанша тартсам да таусылмайды.

Күзге қарай келінім тосап жасап алады.

Күнделікті ермегім түрлі өнімдерді арам шөптен тазартамын, - деді. Расында қарияның бауындағы жеміс ағаштары: өрік, шие, қара өрік, сары өрік, неше түрлі жеміс ағаштары самсап салып тұр.

Бір сәт қимылсыз отырсам шаршап қаламын, - дейді Сатыбалды ақсақал.

Сексен беске келсе де қара жұмыстан қайтпаған қарияға ұзақ тілек айтуды парыз деп санадық.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**





Құлманов Өмірзақ, Жолдасбеков Збан, Мұртазаев Бекен, Әлмаханов Әбдіхалық, Жорабекова Аманкүл, Естанов Елтай, Рақышев Ерсайын, Мекебаев Саржан сынды ұстаздарымыздан тәлім алдық. Естанов Елтай ағамыз зейнетте. Тоқсанның төріне шықса да тың, замандастары жайлы естелік кітаптар жазады. Аға буын ұстаздардың кейінгі легін Панфилов және С.Қожанов орта мектептерінің ардагер-ұстаздары Бесінбаев Жұмат, Тәжібеков Сансызбай, Елеубек Сағынбек, Тұрлыбеков Ергешбай, Смайлов Мұхитдин, Жораев Нарымбай, Омар Іргебай, Оспанов Әмзе, Жалмырзаев Асылбек, мектеп басшылары Төлепов Ергали, Көпберген Әбіласан, Бекарыстанұлы Бағдат, С.Қожанов мектебінде қызмет етіп жүрген Әлмаханов Мейрам, Исмаилов Сырлыбай, Жораев Сұлтанбай, Айқараев Дәуренбек секілді ұстаздар қауымы жалғастырып келеді.

Бірде балалықпен Әлмаханов Әбдіхалық ағайымыздың ағылшын тілі сабағына қатыспай кластастарымызбен өзен жағалап ойнап кеттік. Интернетқа көз байланған уақытта

## ТУҒАН ЖЕРГЕ ТЕР ТӨККЕНДЕР

Биыл Созақ ауданының құрылғанына 95-жыл толып отыр. Осы бір мерейлі датаны атап өтуге аудан көлемінде үлкен дайындық жүріп жатыр. Түрлі мәдени іс-шаралар, спорттық жарыстар ұйымдастырылып, туған жердің арғы бергі тарихы түгелделіп, кітап болып жарық көрмекші екен. Ұйымдастырушы азаматтар соған байланысты өмірбаянымызды жазып, фотосуретіңізді жіберсеңіз деп қолқа салған. Алғашында біз қоғам немесе мәдениет қайраткері болсақ бір жөн, қатардағы еңбек адамының өмірбаяны оқырманды қызықтыра қояр ма екен деген ой келген. Дей тұрғанмен кешегі өткен күн – бүгінгі тарих. Әңгіме аудан тарихына келіп тірелгенде оның өсіп-өркендеуіне үлес қосқан, жердің шетінде, желдің өтінде жүріп шаруашылықты көтеруге тер төккен өзіміздің замандас ағайындарымыз жайлы сөз қозғауды жөн көрдім. Біздің әкей Сәдуақасұлы Мәдібек Созақ ауданындағы Қаратау совхозы құрылғанда мал шаруашылығын алғашқылардың бірі болып қолға алған. Ол кісінің замандастары Мырышов Назар, Шериязданов Мұхамеджан, Сәдуақасұлы Бердібек, Әбілдаев Әбітай, Бадабаев Тәңірберген, Жұмашұлы Бәйділда, Айқараев Бектібай, Бектенов Мәден, Мақсұтов Жүнісбай, Дайынбаев Әбдіқадыр, Қожақов Орынбай, Мұртазаев Қабыл, Қожақов Сейсенбай, Әбілнүсіпов Тұрдақынбай, Сәдуақасұлы Мырзабек, Әлайдаров Сейділда, Қасымбеков Оралбай, Қышанбаев Әлшері, Бақбергенұлы Амандық, Дайынбаев Болыс, Мұртазаев Жаппарбек, Бекмұратов Мүсірәлі т.б. азаматтар ауыл шаруашылығын дамытуға еңбек етті. Бектенов Мәден қария мен Шериязданов Мұқамеджан ақсақалдар қарақөл елтірісін өндіруде жоспарды асыра орындап «Ленин», «Қызыл ту» ордендерін иеленіп, еңбектері бағаланған жандар. Ферма басқарушысы болып ұзақ жыл қызмет атқарған Шериязданұлы Орқа ақсақалдың, одан кейін осы қызметті жалғастырған Өтегенұлы Бекарыстан, Орынбайұлы Орынбасар, есепші Сәдуов Уәли, Бердібекұлы Жаңабек сияқты азаматтардың шаруашылықты аяққа тұрғызуға қосқан еңбегі орасан еді. Қаратау совхозының директорлары болған Тұрысбеков Сексенбай, Ізбалаев Сәтбай сынды азаматтардың да еңбегі елеулі болды. Ауыл ақсақалы Бадабаев Тәңірберген, мал дәрігері Сапарбаев Сатымқұл қариялар бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Біз де әкейдің шаруашылықтағы ісін жалғай отырып, елдегі біраз азамат-

тармен қатар жүрдік, дастархандас-дәмдес болдық. Айқараев Бектібай ағамыз бойына өнер дарыған жан еді. Ақындық дарыны керемет болатын, табан асында өлең құрастырып кете беретін. Ол кісінің інісі Сармантай ағамыз ұзақ жыл мал бағып зейнетке шықты. Сәкеңнің құдай берген қасиеті кез келген сынықты орнына түсіретін. Қыс қыстау, жаз жайлау жазатайым жағдайға ұшыраған жандар Сәкеңнің қолынан шипа табатын. Ағамыздың шипагерлік қасиеті жайлы ілгеріде «Жалын», «Жұлдыз» журналдары көлемді мақала арнаған. Дайрабаев Айдар, Бөріқұлақов Айтуған, Бердірақымұлы Дәнебек, Әшенов Сералы, Жалмырзаев Төлеген, Қарнақбайұлы Өмеш, Әбілдаев Кенжебек сияқты тағы басқа ағаларымыз техниканың тілін жетік меңгерді. Қарнақбайұлы Нұрбек ағамыз совхоздың жылқысын бақты. Он саусағынан өнер тамаған тамаша ұста болатын. Ер шауып, ат әбзелдерін дайындайтын. Нұрекеңнің қолынан шыққан тобылғы сапты қамшылары кез келген көрменің көркі болуға лайықты бұйымдар еді. Орқаұлы Әуелбек бауырымыз шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтар, мал азығын дайындау сияқты жауапты жұмыстар атқарды. Біздің Жалмұрзаев Мансұр, Наурызбайұлы Өтеубай, Қарнақбайұлы Асан, Бердібекұлы Жылқайдар, Амалбеков Аштархан, Сенбекұлы Еркінбек, Жалмұрзаев Жорабек, Әлиев Әшірбек, Омаров Байжұман, Жалмұрзаев Мейірбек, Асанбаев Серік сынды құрдастарымыз да туған жерге тер төгіп еңбек етті. Жәменкеев Ілияс ағамыздың зеректігі, мал тану қабілеті ерекше еді. Көздің ұшында көрінген жылқыны алыстан сипаттап беретін. Адам жанының арашасы Төлеуішов Лесбек замандасымыздың орны бір төбе. Ақ халатты абзал жан деп айтуға толық лайықты жан болатын.

Әбілқасымов Сұлтанбек, Жораев Арынтай, Әбдіхалықов Қасымбай, Қарнақбайұлы Айнабек, Әбілдаев Ділдабек шаруашылықтың мықты мал дәрігерлері болды. Сол кездегі жас маман Ділдабек Бегманұлы бүгінде аудандағы білгір мамандардың бірі. Ал Қасымбай Жақанұлы елге белгілі кәсіпкер атанды. Бөріқұлақов Кунтуған, Мұртазаев Базарбай, Әбілдаев Асқар, Сейділдаұлы Қайрат, Маликов Мейрамбек, Мәдібекұлы Балабек, Шериязданов Сәулебек, Ибадуллаұлы (Жаңаш) Аманбай, Бердібекұлы Ағайдар, Назарұлы Мұхтар, Садуақасов Балғынбек, Қышанбаев Жасымбек, Орқаұлы Дәулет, Байқожаев Бақыт, Назарұлы Шалқар, Сейділдаұлы Таңатар, Мырзабекұлы Нұрлан, Бәйділдаұлы Нұрғали, Мұзаппаров Айнабек, Мүсірәліұлы Серік, Сармантайұлы Нұрғали, Сейсенбайұлы Оразбай, Қабылұлы Бектібайұлы Мейрамбек, Бегманұлы Анарбек, Орқаев Қанат, Бақтыбаев Жанбосын, Қасымбеков Бекен, Бегманұлы Молдабек, Әбітайұлы Әлімжан, Ибадуллаұлы Ержан, Әбілдаев Ғалым, Бегманұлы Айбек, Болысұлы Жасұзақ секілді замандас інілеріміз совхоздар тарап, шаруашылықтар жекешеленгенге дейін осы салада еңбек етті.

Малшылардың балалары мектепті интернатта жатып оқитынбыз. Қалиев Сәуірбай, Сиябеков Мадияр,

шаршап келіп, ұйқыға кірістік. Қанша ұйықтағанымыз белгісіз, Әбдіхалық ағайдың даусынан ояндық. Ұйқымыздан оятып, күндіз өткен сабақты бізге оқытып кетті. Әрине ол сабақтың тақырыбы, мазмұны менің есімде қалған жоқ. Біз бүгін әңгіме арқауына айналдырып, еске алып отырған Қаратау өңірінің аяулы азаматтары дәл осындай өз ісінің, өз кәсібінде адал жандар еді. Олардың көбі бүгінде біздің арамызда жүрген



болса, ауданымыздың 95-жылдық мерейтойында төрде отырар еді. Талай естеліктер айтылар еді. Бүгінде олар арамызда болмаса да артында қалған, өсіп-өніп отырған ұрпақтары бар. Ендігі ойымыз мерейтой қарсаңында туған жерде тер төккен азаматтардың ең кем дегенде аттары аталуы керек. Олардың еңбегін кейінгі ұрпақ білуге тиіс.

**Үбайда САДУАҚАСОВ,  
Ақсұмбе ауылы.**

**Редакциядан:**  
Сәдуақасов Үбайда Мәдібекұлы қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Ақсұмбе ауылында 1955 жылы 23 ақпанда дүниеге келген. 1975-1977 жылдар аралығында әскер қатарында болған. Еңбек жолын 1977 жылы Қаратау кеңшарына қарасты №2 фермада бастап, жеке шаруашылықтан зейнетке шыққан. Жұбайы Алтынбекова Гүлнар Сұлтанқызымен бірге тәрбиелеп өсірген төрт ұл, бір қыздан немере сүйіп отыр. Ақсұмбе ауылдық «Ақсақалдар кеңесінің» мүшесі.





## Жемқорлықпен бірге күресейік!

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағым. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Қанат АҚБАЕВ,**

**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.**

**Б.АЛИЕВ,**

**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## Сколиоз ауруының алдын алу

Мектеп – адам өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі, оның арқасында бала көптеген жаңаны біледі. Бірақ өкінішке орай, пайдалы білімдермен қатар мектеп оқушылары қосымша тағы көптеген ауруларды алады. Ас қорыту жүйесінің аурулары, көру қабілетінің нашарлауы, невроз, тыныс алу мүшелерінің аурулары және сколиоз.

Оқушылар арасында кең таралған аурулардың бірі дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз болып табылады. Сколиоз – омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюуы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Мектеп кезіндегі балаларда ең көп кездеседі. Себебі, 7-9 және 12-14 жастар арасында сколиоздың ең дамиды кезі.

Оқу сабақтары кезінде оқушының бойы мен дене бітіміне жиһаздар сай келмеген жағдайда дене бітімінде шаршау, әлсіреу, әрі ыңғайсыздану пайда болады. Омыртқа салмақтың біркелкі түспеуінен дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз рефлекторлы тұрғыда пайда болады. Соған қоса мәселе мектеп оқушылары күнде мектепке апаратын оқулықтары бар ауыр иыққаптар.

Сколиоз асқынған жағдайда ішкі ағзалардың басылуына және жүрек-тамыр, тыныс алу жүйелері жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алып, сколиоз ауруы дамыса, дер кезінде амбулаторлық ем қолдану керек болады. Емдеу дене шынықтыруды өткізу, спортпен айналысу (шаңғы, баскетбол, волейбол, әсіресе суда жүзу). Дене бітімінің бұзылуын көп жылғы жаттығулармен түзету мүмкін.

Оқушылардың дене бітімінің дұрыс қалыптаспауына, дене бітімінің бұзылуын алдын алу мақсатында таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру, үй жағдайында жаттығулар жасау, әсіресе, мектептерде аулан түрлі пайдалы жаттығулармен шұғылдану әсер етеді.

Осы аурулардың алдын алу үшін:

Бала жас кезінен бастап дұрыс тамақтану, таза ауада болу, мезгілімен ұйықтау;

Ұйықтағанда баланың басы кішкентай жастықта, денесі қатты төсекте жатуы керек, бала бір жағында жатқанда — омыртқа жотасының қисайған омыртқа доғасы астына жастық салып жатқан жөн;

Дұрыс аяқ-киімді таңдау;

Сөмкелерді, рюкзактарды кию кезінде жүктің омыртқаға бірдей таралуы енеді;

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының денсаулығын ұзақ сақтай аламыз.

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

## Хабарландыру!

Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Муханов көшесі н/з үй мекен-жайы бойынша тіркелген «Мукатай» ЖШС (БИН 990540004966), (тіркеу нөмірі: №318-1958-13-ЖШС) өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды.

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.

- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.

- Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекші-

- Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.

- Суға жалғыз шомылуға тырысыңыз.

- Мас күйде суға шомылуға болмайды.

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға

- Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және таныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, айлақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.

- Жағажай жағалауларымен айдындарын ластамаңыздар. Өзіңізбен үй жа-

## Суға шомылу кезінде сақ болыңыз

лері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!

- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.

**Суға шомылушыларға кеңес**

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.

- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.

- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда-сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.

жақындауға пайдаланыңыздар.

- Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.

- Суда тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.

- Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.

- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.

нуарларын әкелмеңіз.

- Шомылғанда автокөлік доңғалағы камерасын, тақташаны, допты, үрлемелі матрасты т.б. қолданбаңыздар. Сақтансаң құдай сақтайды деген абай болайық ағайын.

**Мағжан ӨСКЕН,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**  
**Б.АЛИЕВ,**  
**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## Абайлаңыз, Күйдіргі (Сібір жарасы)

Күйдіргі – адам мен жануарлар жұқтыратын жіті, аса қауіпті инфекциялық ауру.

Адамдар ауруды көбіне ауру жануармен қарым-қатынаста болғанда, кей кездерде зақымдалған топырақпен жанасқанда жұқтырады. Адамнан адамға күйдіргі ауруы жұқпайды.

Күйдіргі эпизоотиясы қоздырғыштардың топырақ ошақтары-резервуарларына аумақтық байланысқан. Топырақ ошақтары жайылымдарда, жануарларды қорада ұстау орындарында, сондай-ақ жануарлардың өлекселерін көму орындарында (мал көмінділері) ауру жануарлардың бөліндісін тікелей жұқтырудың нәтижесінде пайда болады.

Ауру тері, сирек жағдайда ішек, өкпе және септикалық нысандар түрінде өтуі мүмкін. Күйдіргінің терілік түрлерінің болжамы жақсы, ал генерализацияланған түрлері көбіне өліммен аяқталады. Қазіргі заманғы емдеу әдістері осы аурудың жағымсыз нәтижелерін айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді, сондықтан медициналық көмекке уақтылы жүгінген өте маңызды.

Күйдіргі ауруының профилактикасы және оның алдын алу мақсатында халыққа мыналарды ұсынамыз:

1. Ет және ет өнімдерін қауіпсіздігі мен сапасына бақылау жүзеге асырылатын рұқсат етілген сауда орында-

рында (базарларда, дүкендерде, сауда орталықтарында) ғана сатып алу.

2. Тамақ өнімдерін кездейсоқ адамдардан сатып алмау.

3. Тамақ дайындау кезінде шикі тағамдардың дәмін татпау және әзірлеу барысында ет пен ет өнімдерін (мысалы, фарш) жақсылап пісіру және қуыру қажет.

4. Малға арналған жайларды жинағанда, жүнмен, мамықпен және т.б. жұмыс кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалану қажет, оларды пайдаланғаннан кейін жағып жіберу қажет.

5. Егер ауру жануарлармен қарым-қатынастан кейін (күту, сою, мүшелеу және т.б.) жоғары температура, терінің қызаруы, жара (қара қабаттар) пайда болса, жақын маңдағы медициналық ұйымға медициналық көмек алу үшін шұғыл жүгіну қажет. Өзін-өзі емдеуге жол берілмейді, себебі аурудың асқынған түрлерінің дамуына алып келуі мүмкін және өлімге ұшырау қаупін арттырады.

6. Күйдіргімен ауыратын жануарлармен қарым-қатынаста болған, мал союға қатысқан және инфекция жұқтырған етпен, терімен байланыста болған адамдар 2 апта бойы дәрігердің бақылауына жатады және профилактикалық антибиотик терапиясын алады.

7. Малдарды союды тек алдын ала ветеринариялық тек-

серуден кейін жүргізіңіз керек.

8. Малдың ауруына күдік болса, дереу ветеринариялық маманға жүгіну керек.

9. Үй жануарларына күйдіргіге қарсы профилактикалық егу жүргізу керек.

Халықты күйдіргіге қарсы жоспарлы вакцинациялау мына адамдарға:

- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, денсаулық сақтау саласындағы, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдардың және күйдіргінің ошақтарында және күйдіргінің қоздырғышын жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс істейтін және сынама-ларды іріктеуді, күйдіргі қоздырғышының болуына зерттеу жүргізетін зертханалардың мамандарына;

- жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын ет өңдейтін кәсіпорындардың, сою пункттерінің, сою алаңдарының және ішкі сауда объектілерінің қызметкерлеріне;

Есіңізде болсын! Ауруды емдегеннен, оның алдын алған жеңіл.

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

### Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл ана, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Гауһар Елбергенқызының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Асыл ана, аяулы ана ардақтым,**

**Көтердің-ау ең ауырын салмақтың.**

**Өміріңнің қысы мен жазында,**

**Ұл-қызыңды қиясына самғайтың.**

**Сен кеткелі көрсейтпеді ай жүзін,**

**Сен кеткелі барша элем тіңғайтың.**

**Рухыңа арнап құран бағыштап,**

**Ас береміз ағайынға жылып,-**дей отырып, анамыз Гауһар Елбергенқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 13 маусым күні (12 маусым – қонақ асы) Шолаққорған ауылы **Ы.Алтынсарин** көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

**Асқа шақырушылар: бауырлары, жары, ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, Абиловтар әулеті.**



## Жемқорлықпен бірге күресейік!

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағым. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Қанат АҚБАЕВ,**

**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.**

**Б.АЛИЕВ,**

**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## Сколиоз ауруының алдын алу

Мектеп – адам өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі, оның арқасында бала көптеген жаңаны біледі. Бірақ өкінішке орай, пайдалы білімдермен қатар мектеп оқушылары қосымша тағы көптеген ауруларды алады. Ас қорыту жүйесінің аурулары, көру қабілетінің нашарлауы, невроз, тыныс алу мүшелерінің аурулары және сколиоз.

Оқушылар арасында кең таралған аурулардың бірі дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз болып табылады. Сколиоз – омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюуы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Мектеп кезіндегі балаларда ең көп кездеседі. Себебі, 7-9 және 12-14 жастар арасында сколиоздың ең дамиды кезі.

Оқу сабақтары кезінде оқушының бойы мен дене бітіміне жиһаздар сай келмеген жағдайда дене бітімінде шаршау, әлсіреу, әрі ыңғайсыздану пайда болады. Омыртқа салмақтың біркелкі түспеуінен дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз рефлекторлы тұрғыда пайда болады. Соған қоса мәселе мектеп оқушылары күнде мектепке апаратын оқулықтары бар ауыр иыққаптар.

Сколиоз асқынған жағдайда ішкі ағзалардың басылуына және жүрек-тамыр, тыныс алу жүйелері жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алып, сколиоз ауруы дамыса, дер кезінде амбулаторлық ем қолдану керек болады. Емдеу дене шынықтыруды өткізу, спортпен айналысу (шаңғы, баскетбол, волейбол, әсіресе суда жүзу). Дене бітімінің бұзылуын көп жылғы жаттығулармен түзету мүмкін.

Оқушылардың дене бітімінің дұрыс қалыптаспауына, дене бітімінің бұзылуын алдын алу мақсатында таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру, үй жағдайында жаттығулар жасау, әсіресе, мектептерде аулан түрлі пайдалы жаттығулармен шұғылдану әсер етеді.

Осы аурулардың алдын алу үшін:

Бала жас кезінен бастап дұрыс тамақтану, таза ауада болу, мезгілімен ұйықтау;

Ұйықтағанда баланың басы кішкентай жастықта, денесі қатты төсекте жатуы керек, бала бір жағында жатқанда — омыртқа жотасының қисайған омыртқа доғасы астына жастық салып жатқан жөн;

Дұрыс аяқ-киімді таңдау;

Сөмкелерді, рюкзактарды кию кезінде жүктің омыртқаға бірдей таралуы енеді;

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының денсаулығын ұзақ сақтай аламыз.

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

## Хабарландыру!

Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Муханов көшесі н/з үй мекен-жайы бойынша тіркелген «Мукатай» ЖШС (БИН 990540004966), (тіркеу нөмірі: №318-1958-13-ЖШС) өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды.

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.

- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.

- Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекші-

- Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.

- Суға жалғыз шомылуға тырысыңыз.

- Мас күйде суға шомылуға болмайды.

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға

- Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және таныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, айлақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.

- Жағажай жағалауларымен айдындарын ластамаңыздар. Өзіңізбен үй жа-

## Суға шомылу кезінде сақ болыңыз

лері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!

- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.

**Суға шомылушыларға кеңес**

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.

- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.

- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда-сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.

жақындауға пайдаланыңыздар.

- Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.

- Суда тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.

- Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.

- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.

нуарларын әкелмеңіз.

- Шомылғанда автокөлік доңғалағы камерасын, тақташаны, допты, үрлемелі матрасты т.б. қолданбаңыздар. Сақтансаң құдай сақтайды деген абай болайық ағайын.

**Мағжан ӨСКЕН,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**  
**Б.АЛИЕВ,**  
**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## Абайлаңыз, Күйдіргі (Сібір жарасы)

Күйдіргі – адам мен жануарлар жұқтыратын жіті, аса қауіпті инфекциялық ауру.

Адамдар ауруды көбіне ауру жануармен қарым-қатынаста болғанда, кей кездерде зақымдалған топырақпен жанасқанда жұқтырады. Адамнан адамға күйдіргі ауруы жұқпайды.

Күйдіргі эпизоотиясы қоздырғыштардың топырақ ошақтары-резервуарларына аумақтық байланысқан. Топырақ ошақтары жайылымдарда, жануарларды қорада ұстау орындарында, сондай-ақ жануарлардың өлекселерін көму орындарында (мал көмінділері) ауру жануарлардың бөліндісін тікелей жұқтырудың нәтижесінде пайда болады.

Ауру тері, сирек жағдайда ішек, өкпе және септикалық нысандар түрінде өтуі мүмкін. Күйдіргінің терілік түрлерінің болжамы жақсы, ал генерализацияланған түрлері көбіне өліммен аяқталады. Қазіргі заманғы емдеу әдістері осы аурудың жағымсыз нәтижелерін айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді, сондықтан медициналық көмекке уақтылы жүгінген өте маңызды.

Күйдіргі ауруының профилактикасы және оның алдын алу мақсатында халыққа мыналарды ұсынамыз:

1. Ет және ет өнімдерін қауіпсіздігі мен сапасына бақылау жүзеге асырылатын рқжсат етілген сауда орында-

рында (базарларда, дүкендерде, сауда орталықтарында) ғана сатып алу.

2. Тамақ өнімдерін кездейсоқ адамдардан сатып алмау.

3. Тамақ дайындау кезінде шикі тағамдардың дәмін татпау және әзірлеу барысында ет пен ет өнімдерін (мысалы, фарш) жақсылап пісіру және қуыру қажет.

4. Малға арналған жайларды жинағанда, жүнмен, мамықпен және т.б. жұмыс кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалану қажет, оларды пайдаланғаннан кейін жағып жіберу қажет.

5. Егер ауру жануарлармен қарым-қатынастан кейін (күту, сою, мүшелеу және т.б.) жоғары температура, терінің қызаруы, жара (қара қабаттар) пайда болса, жақын маңдағы медициналық ұйымға медициналық көмек алу үшін шұғыл жүгіну қажет. Өзін-өзі емдеуге жол берілмейді, себебі аурудың асқынған түрлерінің дамуына алып келуі мүмкін және өлімге ұшырау қаупін арттырады.

6. Күйдіргімен ауыратын жануарлармен қарым-қатынаста болған, мал союға қатысқан және инфекция жұқтырған етпен, терімен байланыста болған адамдар 2 апта бойы дәрігердің бақылауына жатады және профилактикалық антибиотик терапиясын алады.

7. Малдарды союды тек алдын ала ветеринариялық тек-

серуден кейін жүргізіңіз керек.

8. Малдың ауруына күдік болса, дереу ветеринариялық маманға жүгіну керек.

9. Үй жануарларына күйдіргіге қарсы профилактикалық егу жүргізу керек.

Халықты күйдіргіге қарсы жоспарлы вакцинациялау мына адамдарға:

- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, денсаулық сақтау саласындағы, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдардың және күйдіргінің ошақтарында және күйдіргінің қоздырғышын жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс істейтін және сынама-ларды іріктеуді, күйдіргі қоздырғышының болуына зерттеу жүргізетін зертханалардың мамандарына;

- жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын ет өңдейтін кәсіпорындардың, сою пункттерінің, сою алаңдарының және ішкі сауда объектілерінің қызметкерлеріне;

Есіңізде болсын! Ауруды емдегеннен, оның алдын алған жеңіл.

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

### Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл ана, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Гауһар Елбергенқызының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Асыл ана, аяулы ана ардақтым,**

**Көтердің-ау ең ауырын салмақтың.**

**Өміріңнің қысы мен жазында,**

**Ұл-қызыңды қиясына самғайтың.**

**Сен кеткелі көрсейтпеді ай жүзін,**

**Сен кеткелі барша элем тіңғайың.**

**Рухыңа арнап құран бағыштап,**

**Ас береміз ағайынға жылып,-**дей отырып, анамыз Гауһар Елбергенқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 13 маусым күні (12 маусым – қонақ асы) Шолаққорған ауылы **Ы.Алтынсарин** көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

**Асқа шақырушылар: бауырлары, жары, ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, Абиловтар әулеті.**



# Биыл балуандарымыз бабында тұр



Өзі жыл қалай басталса, әрі қарай да солай жалғасады ма дедім. Айтайын дегенім, Созақ спорты сүйетін жанкүйерлер үшін жыл басы жеңіске толы басталған еді. Бұдан әріне, аудандық «Созақ үні» газеті мен «Facebook» әлеуметтік желісіндегі «SozaqNews» парақшасының оқырмандары жақсы хабардар болса керек. Міне, сондай сүйінші соны жаңалықтардың бірін аудандық «Созақ үні» газетінің екінші жарты жылдығына азылым жүргізіп аудандық БЖСМ-не барғанымызда Айтөре Байғараев ағамыздың аузынан естідім. Менің өзі басқарып отырған мектептің бір кездердегі оқушысы, аудандық газеттегі Созақ спортының насихатшысы екенімді алға тартқан Айтөре ағайым өзінің шәкірті әрі орынбасары Созақбай Қалиевке жолығып, қажетті мәліметтерді алуымды өтінді. Сонымен, Созақ спорты-

ның майталманы, аудандық БЖСМ-нің директорының орынбасары, досым Созақбайға жолықтым. Сондағы Созақбайдың аузынан хққаным, үстіміздегі 2023 жылдың Мамыр айының 25-27 күндері қызылорда облысының жаңақорған кентінде Белбеу күресінен 2003-2005 жылғы жастар арасында ҚР-ның біріншілігі болып өтіпті. Ел чемпионаты болған соң байрақты бәсекеге аудандық, тіпті, Түркістан облысының атынан Созақ аудандық №1 БЖСМ-нің оқушыларынан жасақталған теріскейлік команда да барды. Нәтижесінде, 57 келі салмақ дәрежесінде 5 кездесу өткізген созақтық оғланымыз Мақсат Амангелді Қостанай, Абай, Жамбыл, Ақтөбе облыстарының балуандарының бөлін бүгіп, республикалық турнирдің чемпионы атанды. Былтырғы, 2022 жылы Қазақстан оқушылары арасында өткен VII жазғы гимнази-

аданың жеңімпазы, Өбектанда өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатының Қола жүлдегері атанып үлгерген Мақсат балуан әрі жеңімпаз атанды әрі тәжікстанда өтетін Белбеу күресінен Әлем біріншілігіне жолдама алды. Балғын балуанымыздың бапкері Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Қалиев Созақбай Мұратұлы.

Айтқандай, бұл жарысқа шырайлы Шымкент қаласының атынан да ауданымыздан шыққан екі бірдей балуандарымыз: Асыл Бейсенбі мен Аят Есентай классикалық түрінен қатысты. Бұл екі балуан балаларымыз да байрақты бәсекеде биіктен көрініп, жеңімпаз атнады. Асыл мен Аяттың бапкері Белбеу күресінен Әлем және Еуропа біріншілігінің, Азия ойындарының чемпионы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ауданымыздың мақтаншы Айдоос Құлманбетов. Ал енді, Асыл Бейсенбі мен Аят Есентайдың ауданымыздағы алғашқы жаттықтырушылары Мейірманов Ернұр мен Саржанов Марғұландар.

Иә, ағайын! Бұл спорт тек балуандарымыз бен боксшыларымыз және біршіліміз әлемдік деңгейлерде чемпион атанған кезде олармен мақтанып, қуанып қана қоятын дүние емес. Спорт мынадай алмағайып заманда, яғни, дүниеде арақ-нашаққарлық, ойынқарлық, ұрлық пенен зорлық-зомбылық өріс алып, біржыныстылық секілді жындылық атаулы жастарымызды алдап-арбап, бұзықшылықтың батпағынан құтқарар, имандылық пен еңбекқорлықтан соң келетін құндылық. Біз әдетте спорт жаттықтырушыларын тек балалар мен жасөспірімдеріміздің және жастары-



мыздың тәнін тірбиелейтін бапкер ретінде ғана қарастырамыз. Негізінде олай емес. Айтпағым, егер жастарымыздың спортқа бала күнінен баратынын ескерсек, ата-ана мен мектептердегі ұстаздардың оларға алғашқы білім менен тәрбиені қатар беретіні секілді, жаттықтырушылар да ең әуелі шәкірттерінің мінезін қалыптастыруға тырысады. Себебі, спортшының үлкен спортқа барып, белгілі бөлестерді бағындырып, оны сақтап қалулары үшін мінезді болулары маңызды. Әйтпесе, бір кездері бабы келісіп, бағы жанып небір спорттық олимптерді бағындырған, соңынан сол әлгі біз сөз етіп отырған мінездің жоқтығына сол қолдарына келген бақты ұстап тұра алмаған талай спорт саңлақтарын көріп-естідік. Халқымыздың «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген қанатты сөзіненосы спортшылардың

да алар үлесі бар. Өйткені, әлгі мен сөз өткен, белгілі бір биікті бағындырып, ұстап тұра алмаған спортшылардың бапкерлері тек шәкірттерінің тәнін тәрбиелеп қана қойған. Сол үшін де оларды жаттықтырушы, бапкер деп қана қоямыз. Ал, мынау біздің аудандық БЖСМ-нің қызметкерлерін жаттықтырушы, бапкерден бөлек, ұстаздар деуге де болады. Себебі, бұл азаматтар шәкірттерінің тәні мен қоса жандарын да тәрбиелеп, өмірде тұлға болып қалыптасуларына көп еңбек сіңіреді. Міне, осы үшін де барша ұстаздар қауымына қоғамдық құрмет көрсетіп жатқанда, нақ осы спорт жаттықтырушыларына да сол көзқараста болуымыз қажет. Бұл азаматтар «Ерім дейтін елі болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген қанатты сөздің кейіпкері болуға да әбден лайық!

**Данияр БЕК.**

## Өсімдіктерді қорғау-жауапкершілікті жүктейді

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңын орындау әрбір азаматтың, меншік иелерінің, мемлекеттік атқарушы органдарының басты міндеті деп білеміз.

«Өсімдіктерді қорғау» заңының басты міндеті мен мақсаты:

Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету және фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу кезінде пестицидтердің (улы химикаттардың) адамдардың денсаулығына зиянды әсерінің, ауыл шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта ластануының алдын алу және оларды болдырмау болып табылады.

Осы заңның орындалуын тұрақты

қадағалау «Ауылшаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына жүктелген.

Ауданымыздың фитосанитариялық жағдайын, қоршаған ортамыздың ахуалын жақсарту аса маңызды мәселе. Атап айтсақ, ауданымызға келетін-кететін өсімдік өнімдері мен көшеттердің, тұқымдық дандердің, өсімдік өнімдерінен шыққан өнімдердің аурулар мен зиянкестерден таза екендігіне мұқият болу әр қайсымыздың жете міндетіміз. Олай болмаған жағдайда тасмал арқылы зиянды организмдер

таралып өз арылын көбейтуі мүмкін. Сондықтан өз иелігіміздегі жерлерден зиянды организмдердің таралуына жол бермей күтіп ұстауын естен шығармауымыз керек.

Өсімдік аурулары мен зиянкестеріне және арамшөптерге қарсы қолданылған пестицидтердің (улы химикаттардың) босаған ыдыстары арнайы өткізілетін жерлерге ұсынылмаса, олардан келетін қауіп өте жоғары, өйткені, босаған ыдыстардан бөлінетін зиянды химиялық қалдықтар қоршаған ортаға тарап, яғни, жерге сіне отырып жер асты су көздеріне, ағынды өзендерге және ауаға тарап, жануарлар мен адам ағзасына еніп, адамның денсаулығының бұзылуына әкеп соғады.

Осыған байланысты «Өсімдіктерді

қорғау туралы» Заңының 14-5 бабының тармақтары бойынша қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар жол бермеу керектігі көрсетілген.

Жоғарыда айтылған іс шараларды «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы аясында жүргізбесе немесе мүлдем орындамай бұзған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 403 бабының тармақтары бойынша айыппұл қарастырылған.

**А.УАЛИЕВ,**  
**ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.